

**Экономикалық факультетінде эдвайзерлер жұмысын ұйымдастыру**  
**Кажикова Жумагуль Нуруленовна**

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова  
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Студенттің ЖОЖ (қыркүйек, наурыз) ПАА және онын орындалуын қадағалау.

Оқу ақысын уақытында төлеуді бақылау.

Эдвайзердің жұмыс құжаттары (студенттер тізімі, протоколдар, әлеуметтік паспорт, аттестация және сессия бойынша есеп беру және т.б.).

Эдвайзер – бұл студенттердің сәйкес мамандығы бойынша оқу бағдарламасын (жеке оқу жоспарын құру) таңдауға және оқу барысында оқу бағдарламасын игеруге жәрдемдесетін, академиялық жетекші қызметін орындайтын оқытушы. (Эдвайзердің жұмысы туралы ережесі П ҚМУ 061.1.125-2012 ж. енгізілген).

1-кесте

Мамандықтар бойынша экономикалық факультетіне ректордың бұйрығымен №1471 СТ 16.09.2014 жж. келесідей эдвайзерлер саны бекітілді:

Мамандық	Бекітілген эдвайзерлер саны	Студенттер саны (күндізгі бөлім)	1эдвайзерге студент саны
050506-Экономика	1	46	46
050507- Менеджмент			
050510-МЖБ	3	99	33
050508-Есеп және аудит	2	120	60
050509-Қаржы	3	125	42
ЭФ бойынша барлығы	11	390	

Эдвайзерлер эдвайзердің атқаратын жұмыстары туралы ережеге сәйкес қызмет жасайды: п.6.2 Эдвайзердің функционалдық міндеттері; п.8 Эдвайзердің 1 курс студенттерімен жүргізетін жұмыстары; п.9 Эдвайзердің 2,3,4 және 5 курс студенттерімен жүргізетін жұмыстары.

Мамандық эдвайзерлерінің мынадай құжаттар сақталатын папкалары болады: жұмыс жоспары, студенттердің тұрып жатқан және тіркеуде тұрған мекен-жайлары, телефон номерлері, қосымша сабақ тізімдері, аттестация қорытындылары, сессияның нәтижелері туралы есеп берулері көрсетілетін тізімі.

Студенттермен жұмыс :

- студенттердің ағымдағы аттестация нәтижелері мен олардың академиялық үлгірімдері жайлы әңгіме жүргізілді;

- кредиттер санының дұрыс жасалғандығы мен орташа көрсеткіш бағаны (GPA) есептеу әдістерімен таныстырылды.

Сәуір айында келесі 2014-2015 оқу жылына жеке оқу жоспарлары құрылды. Сонымен қатар студенттер үлгірімдері төмен пәндер бойынша жазғы курстарға жазылып жатты.

Эдвайзердің 2,3 және 4 курс студенттерімен жүргізетін жұмыстары:

1. Оқу жылының ішінде ПАА жеке оқу жоспарларын құрастыру және дұрыстауда 2-4 курс студенттеріне көмек көрсетілді;

2. Есепті кезеңнің мамыр айында 1-3 курс студенттерінің үшінші және бесінші семестр ішіндегі аттестацияларының нәтижелері қарастырылып, талдау жүргізілді;

3. Есепті жылдың наурыз айында 3к. және 4 курс студенттерінің семестр ішіндегі аттестациялары мен сессияны тапсырудағы нәтижелері қарастырылып, талдау жүргізілді;

4. Кафедрада эдвайзерлердің қосымша жүргізетін сабақтарының кестесі жасалып, бекітілді;

5. ЖОЖ-на сәйкес 2013-2014 оқу жылына академиялық өзгерістердің уақытылы тапсырылуы қадағалануда. Сонымен қатар жазғы сессиядан соң студенттер академиялық өзгерістерді тапсыруға арыз жаза бастады.

Мамандықтар мен оқу түрлеріне байланысты бір эдвайзерге жүктелетін міндеттер 9-дан 81 студентке дейін барады.

Студенттерді кафедра эдвайзерлеріне бекіту кезінде жеке бөлу ж.йесі қолданылды, өйткені эдвайзерлерге ақы төлеу бір эдвайзерге 20 күндізгі оқу бөлімінің және 40 сырттай оқу бөлімінің студенттерінің болуына байланысты жүргізіледі. Эдвайзер бірнеше академиялық топтарға бекітіледі, бір курста бір мамандық бойынша бір топ болуы керек.

Экономика факультетінің эдвайзерлерінің жұмыс жоспарлары кафедраның жұмыс жоспарымен сәйкес жасалған. Осылайша ағымдағы 2014-2015 оқу жылында келесі іс-шаралар жүргізілген болатын:

1 курс студенттерімен ұйымдастырушылық аптасы (топтармен танысу және кездесу, оқытудың кредиттік технологиясының негіздерін түсіндіру және т. б.);

Барлық курстардың аттестация және сессия нәтижелері бойынша есеп берумен қатар мониторинг жүргізілді. Аттестация және сессия нәтижелері құжыраның отырыстарында талқыланды;

Ішкі семестрлік аттестацияның қорытындылары мен сессияның нәтижелері бойынша үлгерімі жоқ студенттермен әңгіме жүргізіліп, ата-аналарына хабар берілді;

Студенттердің оқу төлемін уақытында төлеу бойынша жұмыстар жүргізілді: студенттер мен ата-аналары хабардар болды, мерзімі бекітілді;

Оқу кредитінің ережелері туралы кеңес өткізіліп, түсіндірілді;

2-4 курс студенттері үшін 2014-2015 оқу жылына оқу бағдарламасы жасалып, элективті пәндердің тізімі;

Пәндердің академиялық айырмасы уақытында тапсырылуына бақылау жүргізіліп отыр.

Сонымен қатар әр эдвайзердің жеке жұмыс папкалары болады, онда эдвайзердің жұмыс жасауы туралы ережелер, оқу жылына эдвайзердің жұмыс жоспары, қосымша сабақ кестелері, студенттер туралы жеке ақпараттар, аттестациялар мен сессия нәтижелері бойынша есеп берулер, GPA ведомостілері, ЖОЖ-ның көшірмелері және басқа да құжаттар болады.

Эдвайзердің студенттермен жүргізетін ұйымдастырушылық жұмыстары қанағаттандырушылық деңгейде болды.

Эдвайзерлер сонымен қатар журналистика факультеті арқылы биздин университетке экономика мамандығына түскен студенттермен көп жұмыстар атқарылады, осы жерде қатты көңіл факультет аралық пәндерге бөлсек кейде түсініспеушіліктер болады.

Нашар үлгіретін студенттерге ЖОЖ құруға көмектеседі және оның орындалуын жүйелік қадағалайды.

Екінші оқу жылына қалдырылған студенттерге ЖОЖ құру кезінде студенттердің оқуда жеткен жетістіктері ескеріледі, барлық меңгерілмеген пәндерге жазылу керектігі түсіндіріледі, ал олай болмаған жағдайда студенттің қайтадан сол курста қалдырылуы мүмкін екендігін түсіндіреді.

Курстан басқа курсқа аударылған, бірақ берешектері бар студенттерге эдвайзерлері пәндерге жазылу жазғы семестрде ғана емес, сонымен қатар ағымдағы семестрлерде басқа курс студенттерімен тапсыру қажет екенін түсіндіреді.

Өткізілген талдау экономикалық факультеттің эдвайзерлеріне студенттердің пәндер бойынша бағдарламасын игеруіне бақылау жасау қажеттігін куәләндырады, емтиханға жіберілмей қалған, қанағаттанарлықсыз баға алған студенттер санын азайту және білім көрсеткішін жоғарылату мақсатында.

Эдвайзер қызметін жетілдіру

Кредиттік оқу технологиясында эдвайзерлар жұмысын жетілдіру үшін қажет:

1 эдвайзерға 20 дан 40 адамға дейін бөлуді қалыптастыру.

Эдвайзерам проводить эдвайзерские часы на актуальные темы со студентами, проводить обучающий семинар по написанию студенческих научных работ, разрабатывать презентации методических работ.

Например, для студентов 1 курса - Что делать, если опоздал на экзамен, как продлить сессию?;

-для студентов -2 курсов - беседу об учебной и производственной практиках;

-для студентов 3 курса - как написать дипломную работу, как правильно составить резюме.

3. Эдвайзерлық қызметке жас оқытушыларды да қатыстыру, дискуссия дебаттар өткізу.

4. Эдвайзерлер қызметін моральды және қаржылы ынталандыру жүйесін енгізу, мысалға «8 наурыз» немесе «Мұғалім күніне».

#### **Библиографический список**

1. Эдвайзердің жұмысы туралы ережесі П ҚМУ 061.1.125-2012 ж.

2. Университеттің және ҚР БҒМ нормативті құқықтық құжаттары.